




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қаңтар 2026

2026 жылғы қаңтарда жылдық инфляция 12,2%-ға дейін баяулады. Инфляцияның төмендеуіне негізінен азық-түлік компонентіндегі дезинфляциялық үдерістер әсер етті. Ал қызмет көрсету секторындағы инфляция өзгеріссіз қалды, азық-түлік емес тауарлар бойынша, керісінше, жеделдеу байқалды. Соған қарамастан, жалпы баға өсіміне ең үлкен үлесті бұрынғыдай азық-түлік тауарлары қосып отыр.


**Айлық инфляция 1%-ға дейін үдеді (2025 жылғы желтоқсанда – 0,9%).** Бұл өткен аймен салыстырғанда азық-түлік емес тауарлар мен қызметтер бағасының анағұрлым қарқынды өсуіне байланысты болды. Ал маусымдық түзетілген инфляция 0,8% деңгейінде қалды.

**Маусымдық факторларды ескергенде, азық-түлік бағасының өсуі баяулап, азық-түлік емес тауарлар мен қызметтердікі, керісінше жеделдеді.** Айлық мәнде маусымдық түзетілген азық-түлік бағасының өсімі 0,9%-дан 0,4%-ға дейін төмендеді. Ал қызмет көрсету инфляциясы 0,6%-дан 0,9%-ға, азық-түлік емес тауарлар бойынша өсім 0,7%-дан 1,3%-ға дейін өсті.

Маусымдық түзетуді ескергенде, қаңтар айында баға ең көп өскен тауарлар мен қызметтер қатарында алкогольсіз сусындар, қант, джем, бал, шоколад және кондитерлік өнімдер, май және тоңмай, жеке пайдалануға арналған электр құралдары, тұрмыстық техника, аудиовизуалды жабдықтар, сақтандыру қызметтері, кешенді демалыстарды ұйымдастыру қызметтері және шаштараз қызметтері бар. Ал жеміс-жидек пен көкөніс, автокөлік және көлік қызметтері бағасы төмендеген.


**Маусымдық түзетілген медианалық базалық инфляция 0,7%-дан 0,8%-ға дейін жеделдеді.** Баға бөлінісінің екі шетіндегі 10% көрсеткішті алып тастау әдісімен есептелетін базалық инфляция 0,7%-дан 0,9%-ға дейін өсті. Ең құбылмалы сегіз компонентті алып тастағандағы көрсеткіш те 0,8%-дан 0,9%-ға дейін өсті. Жалпы алғанда, базалық инфляция көрсеткіштері жоғары деңгейде қалып отыр және айлық мәндегі инфляция бойынша мақсат еткен бағдардан (0,41%) едәуір асады.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Негізгі тауар топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік инфляциясының баяулауы ет өнімдері бағасының өсу қарқыны қалыпқа түсуіне байланысты болды. Бұған дейінгі айларда бұл санатта айтарлықтай жеделдеу байқалған еді. 2026 жылғы қаңтарда жылдық азық-түлік инфляциясы 12,9%-ға дейін төмендеді (2025 жылғы желтоқсанда – 13,5%), айлық көрсеткіш – 0,8% (1,2%). Ет өнімдері бағасының баяулауына ішкі нарықтағы ұсыныстың қалпына келуі әсер етті. Бұған дейін экспорт көлемінің едәуір артуы ішкі ұсынысты шектеген болатын. Ет өнімдерінің ықпалы айтарлықтай, себебі ол азық-түлік себетінің шамамен үштен бірі болады.

Азық-түлік емес тауарлар инфляциясы тұтыну сұранысының тұрақты сақталуы мен ҚҚС өсуі аясында жеделдеді. Жылдық өсім 11,7%-ға дейін артты (2025 жылғы желтоқсанда – 11,1%), айлық көрсеткіш 1,2%-ды құрады (0,7%). Ішкі сұраныс пен ҚҚС өсімінің жиынтық әсері тауарлардың кең ауқымы бойынша баға өсіміне себеп болды. Сонымен қатар теңгенің номиналды айырбас бағамы нығайғанына және кейбір санаттағы тауарлар ҚҚС-тан ішінара немесе толық босатылғанына қарамастан, дәрі-дәрмек пен тұрмыстық техника бағасының айтарлықтай қымбаттағаны тіркелді.


Қызмет көрсету инфляциясы реттелетін коммуналдық тарифтердің тежегіш әсері мен нарық қызметтерінің қымбаттауы арасындағы тепе-теңдікке байланысты өткен ай деңгейінде қалды. Қаңтарда қызметтер бойынша жылдық өсім 12% деңгейінде қалды. Алайда айлық өсім 1,1%-ға дейін жеделдеді (2025 жылғы желтоқсанда – 0,6%). Жоғары инфляциялық орта, тұрақты тұтыну сұранысы мен ҚҚС мөлшерлемесінің өсуі жағдайында амбулаториялық және стационарлық медициналық қызметтер, байланыс, сақтандыру және басқа да нарықтық қызметтер бойынша баға өсімі сақталып отыр. Сонымен бірге тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің реттелетін тарифтерінің қалыпты динамикасы инфляцияны тежеуші фактор ретінде әсер етуді жалғастыруда.

4-график. Азық-түлік инфляциясы, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

5-график. Азық-түлік емес инфляция, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

6-график. Ақылы қызмет инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

## Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары

2026 жылғы қаңтарда әлемдік азық-түлік бағалары төмендеуін жалғастырды. ФАОиндексі 123,9 пунктке дейін түсіп, айлық мәнде 0,4%-ға қысқарды. Осылайша индекс бесінші ай қатарынан төмендеп отыр. Қаңтардағы құлдырауға негізінен сүт өнімдері, ет және қант бағасының арзандауы әсер етті. Ал дәнді дақылдар мен өсімдік майлары бойынша, керісінше, өсім тіркелді.

Дәнді дақылдар бағасы аздап өсті. Негізгі үлесті Аргентинадан жеткізілетін жемге арналған астыққа деген тұрақты сұраныс қосты. Сондай-ақ барлық түрдегі күрішке деген жоғары сұраныс баға өсіміне әсер етті. Ал бидай мен жүгері бағасы нарықтағы ұсыныстың жеткілікті болуына байланысты төмендеді.

Қаңтарда өсімдік майлары қымбаттады. Пальма, соя және күнбағыс майы бағасының өсуі Оңтүстік-Шығыс Азиядағы маусымдық ұсыныс қысқаруымен, Оңтүстік Америкадан экспорттың шектелуімен және Қара теңіз өңіріндегі тапшылықпен байланысты болды. Ал рапс майы бағасы Еуроодақтағы жоғары қор көлеміне байланысты төмендеді.

Ет бағасы жалпы алғанда аздап арзандады. Бұл шошқа етінің әлемдік нарықтағы сұраныстың әлсіреуі мен ұсыныстың молаюы аясында арзандауымен түсіндіріледі. Сиыр және қой еті бағасы негізінен тұрақты болып қалды. Ал құс етіне деген жаһандық нарықтардағы белсенді сұраныс әсерінен баға өсті.

Сүт өнімдері бағасының төмендеуі жалғасты. Ірімшік пен сары майдың арзандауы жоғары ұсыныс пен жеткілікті қор көлемімен байланысты. Құрғақ сүт бағасы, керісінше, біршама өсті.

Қант бағасы әлемдік қорлардың артуы жөніндегі күтулер аясында төмендеді. Бұл Үндістандағы өндірістің ұлғаюымен және Таиландтағы өнім көлеміне қатысты қолайлы болжамдармен байланысты. Сонымен қатар Бразилияда алдағы маусымда қант қамысы өндірісі бойынша оң күтулер де бағаға қысым түсірді.

Әлемдік бағалардың төмендеуі немесе баяу динамикасына қарамастан, ішкі және сыртқы бағалар арасындағы айырмашылық ұлғая түсті. Бұл ішкі ұсыныстың шектеулілігімен, өндірістік шығындардың өсуімен, әлемдік баға динамикасының ішкі нарыққа толық берілмеуімен және өндірушілердің экспортқа бағдарлануымен байланысты болуы мүмкін.

1-кесте. Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары (желт.2019=100)

	2025	2025		2026
	Қаңтар	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар
<b>Дәнді дақылдар (ФАО)</b>	157,3	147,8	147,1	146,2
Ұн ТБИ	200,0	204,7	206,6	209,5
Баға айырмашылығы, п.т.	42,7	56,9	59,6	63,2
<b>Өсімдік майы (ФАО)</b>	206,5	221,8	217,3	220,2
Өсімдік майы ТБИ	174,9	197,4	198,1	202,7
Баға айырмашылығы, п.т.	31,6	24,5	19,2	17,5
<b>Қант (ФАО)</b>	183,5	145,6	145,9	143,4
Қант ТБИ	206,8	223,9	221,1	223,3
Баға айырмашылығы, п.т.	23,3	78,3	75,2	79,9
<b>Ет (ФАО)</b>	150,7	161,4	156,5	154,7
Ет ТБИ	156,9	187,9	190,0	190,8
Баға айырмашылығы, п.т.	6,1	26,5	35,5	36,1
<b>Сүт өнімдері (ФАО)</b>	189,2	179,6	165,3	155,9
Сүт өнімдері ТБИ	181,4	195,1	196,7	198,4
Баға айырмашылығы, п.т.	7,9	15,5	31,4	42,5

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Анықтама: кестеде БҰҰ ФАО азық-түлік индекстері көрсетілген, олар АҚШ долларына шаққандағы теңгенің орташа айлық бағамы бойынша қайта есептелген. Қызыл түс – ішкі бағалар әлемдік бағалардан жоғары (теріс айырма), жасыл түс – сыртқы бағалар ішкі бағалардан жоғары (оң айырма) екенін көрсетеді.

## Өндірушілер бағасы

2026 жылғы қаңтарда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасы өсе түсті. Ет өнімдерінің экспорт көлемі артқанымен, мал сою қарқынының айтарлықтай өспеуі мал бағасының көтерілуіне ықпал етті. Еттің қымбаттауы және ішкі сұраныстың күшеюі, соның ішінде алмастыру әсерінің ықпалымен, құс еті бағасының өсуіне де әсер етті.

Ауыл шаруашылығындағы шығындарға қосымша қысымды дәнді және майлы дақылдар өндірушілер бағасының өсуі түсірді. Сонымен қатар энергия ресурстарының, коммуналдық және логистикалық қызметтердің қымбаттауы өндірістік шығындардың әрі қарай артуына себеп болды.


Ауыл шаруашылығы шикізатының қымбаттауы тамақ өнеркәсібіндегі өндірушілер бағасының өсуіне жол ашты.

Қаңтарда ең жоғары өсім етті өңдеу және консервілеу, өсімдік майын өндіру, макарон өнімдері, сондай-ақ шоколад пен өзге де қантты кондитерлік өнімдер шығару салаларында тіркелді.

Ал ұн-жарма өнеркәсібі өнімдерінің бағасы өткен жылғы деңгейге жуық сақталып отыр. Бұл негізінен ішкі нарықта да, импорттаушы елдерде де астық пен оны өңдеу өнімдерінің мол ұсынылуымен түсіндіріледі.


Сусын өндірушілер бағасының өсуі акциз мөлшерлемелерінің артуы мен энергетикалық сусындарға акциз салығы салынуына байланысты болып отыр.

7-график. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

8-график. Азық-түлік тауарларын өндірушілер бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ